

Жергілікті мерзімді баспасөзге жазылуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXXII сессиясының 2010 жылғы 4 қарашадағы N 284 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 қарашада N 8-5-102 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 1-24/70 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихаты аппаратының 2011.04.22 N 1-24/70 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Зандарына және Қаражал қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы XXIII сессиясының N 203 "2010-2012 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілердің тіркеу Тізімінде тіркеу нөмірі 8-5-82, 2009 жылды 31 желтоқсанда N 53 "Қазыналы өңір" газетіндегі жарияланған) шешіміне сәйкес, Қаражал қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ

ЕТТИ:

1. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі, мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстасу орындарының жасы көмілетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдерінің (куйеулерінің) және Ауғанстан аумағында ұрыс әрекетіне қатысқандардың жеке өтініштері бойынша, жергілікті мерзімді баспасөздің біреуіне жазылуға, біржолғы материалдық көмек көрсету мақұлдансын.

2. Біржолғы материалдық көмекті төлеу қалалық бюджет есебінен тағайындалсын.

3. Қаражал қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 208 "

Жергілікті мерзімді баспасөзге жазылуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы" шешімінің (2010 жылғы 20 қаңтардағы нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеудің Тізімінде тіркеу нөмірі 8-5-84, 2010 жылғы 16 ақпандағы "Қазыналы өңір" газетінің 7 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасына (С. С ы р т а н б е к о в) жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXXII сессияның төрағасы

T. Қасымов

Қалалық Мәслихаттың хатшысы

H. Кәдірсізов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК